

Шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 4 шілдедегі N 3053

Қ а у л ы е т е м і н :

1. "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 515-құжат) 2-тармағына сәйкес құрылған шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның құрамына:

Судьин А.С. - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің меңгерушісі - төрағаның орынбасары;

Мұхамеджанов О.Б. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі - Комиссия мүшесі;

Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті - Комиссия мүшесі болып енгізілсін.

2. Аталған Комиссия құрамынан Қ.Е.Көшербаев, Г.И.Пирожников, Қ.Ә.Сағадиев шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті